



Автор: Ақпағамбетова Қарылғаш Сагындыковна

Пән: Өзін-өзі тану

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Ғасырлар даналығы

Тақырып: Халықтың мәдени мұрасы

Халықтың мәдени мұрасы	Құндылығы: Ақиқат Қасиеттері: Тек жақсы және қажет заттарды ғана айту, басқалардан жақсылықты іздеу, кішіпейілдік. Мақсаты: Оқушыларға халықтың мәдени мұралары туралы түсінік бере отырып, ақиқат құндылығының мәнін ашу Міндеттері: 1. Білімділік: Оқушыларды тек жақсы және қажет заттарды ғана айту үйрету. 2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы кішіпейілдік қасиеттерін дамыту. 3. Тәрбиелік: Оқушыларды басқалардан жақсылықты іздей білуге тәрбиелеу.
------------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Халықтың мәдени мұрасы. (12.09.2019ж)	Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. 5 Т – ережесі: 1. Тәртіп. 2. Талап. 3. Тыныштық. 4. Тазалық. 5. Татулық. Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып - білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік. Тыныштық сәті. «Нұрға бөлену». Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ - қолыңызды айқастырмаңыз, қолыңызды тізеге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін. Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын таза, әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңызды тілек қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты. Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Ой мен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, тек ізгі істерді істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады. Олар нұр мен махаббат құралына айналды. Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көзімізге де жетті. Көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді. Нұр бірте - бірте қарқындап және шұғылана бастайды, сіздің денеңіз ден шығып, жан - жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқанда, рыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз. Олардың да жүрегі нұрға толсын. Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан - жануарларға, өсімдіктерге, тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түкпірі - түкпіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішім де... Мен Нұрмын» Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз... Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз. Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет!	Ресурстар: (материалдар, дереккөздер) 1.bilim-all.kz 2.https://infourok.ru

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Халықтың мәдени мұрасы. (12.09.2019ж)	1. Үйге тапсырманы тексеру. 1. №2 – сабақ оқулықтағы 4 – тапсырманы орындау. 2. Келесі сабақ. №3, «Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің салынуы туралы» мәтінін оқып келу. Сұрақтар: 1. Қожа Ахмет Йассауи туралы не білесіңдер? 2. Атақты Темір қандай іс жасады? 3. Оның іс – әрекетінен не түсінуге болады? 4. Адамдар бір – біріне неліктен құрмет көрсетеді? 5. «Ұлыдан – ұлағат» деген сөзді қалай түсінесіңдер? 6. Өзің тарихи ескерткіштерді қалай құрмет тұтып жүрсің?	Ресурстар: (материалдар, дереккөздер) 1.bilim-all.kz 2.https://infourok.ru
Халықтың мәдени мұрасы (12.09.2019ж)	1. Сабақтың дәйексөзі. «Мәдени мұра – халық игілігі». Нақыл сөз Сұрақтар: 1. Қандай мұраларды ата-бабадан қалған мирас дейміз? 2. Мәдени мұраға нелер жатады? 3. Атамұра адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар? 3. Дәйексөзден не түсіндің? 2. Оқиға айту (Мұғалім сыйы). Әдеп. Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, басұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек басұрып сәлем алды. Қасындағы бай: - Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша басұрасыз? - деп айтты дейді. Сонда әкім: - Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? - деді дейді. Сұрақтар: 1. Оқымысты неге басын жарлыдан да төменірек иіп сәлемдесті? 2. Оқымыстының әрекеті дұрыс па? 3. Өздерің басқа адамдармен қалай амандасасыңдар? Әңгімелеп беріңдер. 4. Өздерің өмірде әдептілікті қалай көрсетесіңдер?	Ресурстар: (материалдар, дереккөздер) 1.bilim-all.kz 2.https://infourok.ru
Халықтың мәдени мұрасы (12.09.2019ж)	1. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс. Тапсырма: Тарихи және мәдени ескерткіштерге мұқият қараңдар. Ондағы ұлы тұлғалар туралы әңгімелеп айтып беріңдер. 1 – топ: «Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би» 2 – топ: «Абылай хан» 3 – топ: «Ұлы ақын – Абай Құнанбайұлы» 4 – топ: «Қазақтың батыр қыздары - Әлия мен Мәншүк» 6. Топпен ән айту. Өмірге келдім, Анамды көрдім, Деді ол: жаным, Арайлы таңым. Самал боп желпіп, Жырымен ертіп, Үйретті тынбай Бал тілін, әнін. Анамның тілі - айбыным менің, Анамның тілі - ай-күнім менің! Сүйемін байтақ елімді туған, Сүйемін мәңгі - өмірді думан. Мектепке келдім, Ұстазды көрдім, Тыңдадым сөзін Табынып, сүйіп. Анамның тілі, Аяулы үні Жүрекке нұрын Жіберді құйып. Анамның тілі - айбыным менің, Анамның тілі - ай-күнім менің! Сүйемін байтақ елімді туған, Сүйемін мәңгі - өмірді думан.	Ресурстар: (материалдар, дереккөздер) 1.bilim-all.kz 2.https://infourok.ru
Халықтың мәдени мұрасы (12.09.2019ж)	6. Үй тапсырмасы. 1. №3 – сабақ. 4 – тапсырманы орындау. 2. Келесі сабақ. №4, «Атамның өсиеті» өлеңін оқып келу. 7. Сабақтың қорытынды сәті. Тыныс алуға зейін қою. Баяу музыка қойылады. Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, тұзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз. Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады... Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3]. Рахмет! Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.	Ресурстар: (материалдар, дереккөздер) 1.bilim-all.kz 2.https://infourok.ru